



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

произошла в виде объединения четырех разнородных областей полуострова — Неджда в центре Аравии, Хиджаза на побережье Красного моря с его священными городами Меккой и Мединой, Асира на границе с Йеменом и Эль-Хасы — сегодняшней Восточной провинции, главной нефтяной «житницы» Королевства.

Кроме того, есть и северные области Саудовской Аравии со своей специфической историей в жизни династии. Между всеми этими историческими областями страны есть свои линии разлома, скрепляемые только жесткой конструкцией власти. Нестабильность власти немедленно включит процессы распада страны по этим линиям. Поэтому группировка принца Бандара, министра внутренних дел Мохаммеда бен Наифа, министра иностранных дел Сауда Аль Фейсала, других влиятельных принцев видит выход в переносе противостояния с Ираном за пределы Саудовской Аравии. Эта группировка и является спонсором войны в Сирии, активно выступает за создание суннитского государства через расчленение Сирии и Ирака — с целью ведения борьбы за лидерство в регионе на его территории. Последствия этой политики видны уже сейчас — радикализация исламизма, возникновение масс вооруженных джихадистов, распространение теории и практики джихада на сопредельные территории и страны.

Другая группировка в саудовской элите, которую возглавляет король Абдалла, его сын Митаб и как минимум часть клана Аль-Джилюви (родственники, но не прямые потомки Абдель Азизааль Сауда), выступает за иной подход в борьбе с Ираном. Этот подход выражен в идее короля Абдаллы в виде создания военно-политического, а в перспективе и экономического «Арабского ЕС» из шести аравийских монархий. Пока идея военного союза воспринята всеми шестью государствами полуострова, но вот против полного объединения с созданием наднациональных органов управления выступает, причем вполне категорично, Оман. Интересы султана Кабуса, управляющего страной специфического направления ислама ибадизма лежат вне тотального подчинения такой наднациональной структуре. Естественно, не только теологические разногласия лежат в основе отказа Омана — есть и вполне материальные проблемы внутренней специфики, но так или иначе, идея короля Абдаллы разделяется большинством монархий Залива, понимающих, что им теперь предстоит обеспечивать свою безопасность во многом самостоятельно. 2013 год для стран Аравийского полуострова можно считать переломным. Они еще не пришли к окончательному выбору пути развития в новых условиях после Женевской конференции по урегулированию ядерной проблемы Ирана. Слишком мало времени прошло. 2014 год стал ключевым для них, так как времени для определения и выработки политики противодействия новым угрозам остаётся всё меньше.

Список использованных источников:

1. [.http://www.vedomosti.ru](http://www.vedomosti.ru)
2. [.http://russian.rt.com](http://russian.rt.com)
3. Диссертация «Экономическое развитие и социальный прогресс в арабских нефтедобывающих странах персидского залива» Вагабов Э.М
4. «Нефтяные монархии: внутреннее положение и вызовы безопасности в государствах Персидского залива» Ф.Г. Гауз
5. «Арабская нефть: сценарий кризиса 2009-2020» Виктор Феллер

ӘОЖ 17.001.2(=521=512.1)

ЖАПОНДЫҚТАР МЕН ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТИКЕТІ: САЛЫСТЫРМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Жунусова Амина Ануарбековна

amic_kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультеті «5В020900 –

Қазіргі таңдағы қарқынды жаһандану мен қоғамның интеграциялану жағдайында, халықаралық қатынастардың дамуы үлкен мағынаға ие болып отыр, яғни байланыстарымыз нығайып, өзара әрекеттесу тәжірибесі интенсивті түрде дамуда. Қытай мемлекеті қазіргі уақытта әлемдік деңгейде танымал мемлекеттердің бірі болып отырғаны күмәнсіз. Өзінің экономикалық қуатын, мәдениетін, саяси ықпалын күннен күнге күшейтіп отырған көршіміздің ұлттық болмысын, философиялық дүниетанымын, адамгершіліктік ұстанымдарын танып-білу біз үшін аса маңызды және пайдалы.

Қытай елінің экономикасының дамуы және халықаралық процестегі белсенді қатысуы мен оның алатын орны зерттеушілердің назарын тек «экономикалық ғажайып» пен қытай қоғамының даму моделі ретінде қарап қоймай, оның іскерлік және дәстүрлі қытай мәдениеті, менталитетінің ерекшеліктері, қабылдауымен де танысып келе жатыр.

Қытай әсері, оның экономикалық қуаты және қарқынды дамуы қытайлық іскерлік мәдениетті тануға себепкер. Сондықтан да, халықаралық маңызы бар конференцияларда не келіссөздерде, екінші жақтың, мәселен Қытайдың дәстүрлі болсын не іскерлік этикетті білген жөн. Қытай нормалары және дәстүрлі этикет ежелден-ақ реттелген. Қоғамның анық сатылы лауазымдары көнеден келе жатқан жасы үлкенге немесе қызметі бойынша жоғары адамға не болмаса әлеуметтік жағдайы бойынша құрмет көрсетуге негізделген этикет нормаларды бұзбай сақтауды міндеттеген.

Әрбір өркениет, әрбір мәдениет өзінің қайталанбастығымен құнды. Дәстүрлі Қытайдың қайталанбастығы баршаға танымал және қазіргі таңда «қытайлық рәсімдері» деп аталатын феноменмен тығыз байланысты болып келеді. Шыңымен де, «қытайлық рәсімдері» деген сөз барлығымыздың құлағында және берілген қоғамды жақсы сипаттайды, себебі көне заманнан бастап-ақ Қытай дәстүрге, рәсімге және салтанаттарға деген қарым-қатынасымен ерекшеленеді. Осы елде көнелікті пір тұту дұрыс деп саналады. Көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша, қытайлықтардың ежелгі дәстүрлерді сақтау әдеті – Қытай экономикасының дамуына кедергі. Дегенмен, қаншалықты солай болса, қазіргі таңда, Қытай дамудың ең жылдам қарқынында және сонымен қатар ежелгі заман мен қазіргі уақытты жақсы сабақтастыра алады.

Қытайды тану үшін оның тарихын, ежелгі дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын және қытайлықтардың ойлау қыр-сырларын тану қажет. Оған қоса, іскерлік этикетті тану да кіреді. Қытай этикетін тыңғылықты түсіну үшін оның ежелгі дәстүрлерімен байланысын ұғыну керек. Өзінің қытайлықтармен көп жылдық жұмыс істеу тәжірибесіне сүйене отыра Алексей Александрович Закурдаевтің айтуы бойынша, қазіргі қытай қоғамындағы қарым-қатынастар тамыры тереңде жатқан дәстүрлі *ұстаз/бастық - оқушы/бағынушы* моделінен шыққан. Барлық қарым-қатынастарда ең басты сипаттама сатылы лауазымға негізделген, яғни жасы үлкенге, қызметі бойынша немесе әлеуметтік жағдайы бойынша үлкендерге құрмет көрсету. Осының барлығы - конфуциандық дәстүрлердің әлі күнге дейін өзектілігінің дәлелі, осы конфуциандық дәстүрлер қытайлықтардың санасында орнығуы соншалық, қазіргі заманауи қарым-қатынаста айқын білінеді. Сатылы лауазым да сонымен бірген сақталады, мәселен тәлім беріп отырған ұстазды мақтау. Осы ұстау – әке, бастық не мемлекет басшысы болуы мүмкін. Ұстаз сынға тартыла алмайды, ал оқушылар болса, өзінің жеке пікірлерін білдіру жөн емес, әсіресе сол пікір ұстазының көзқарастары мен идеяларына кереғар болса. Осы модель қытай қоғамының барлық қарым-қатынастарында бар.

Қытай – қайталанбас мемлекет. Ешбір мемлекет өркениеттің соншалықты ұзақ тарихымен не көне тарих пен дәстүрлерге, стратегияның классикалық принциптері мен мемлекетті басқару өнеріндегі байланыспен мақтана алмайды. Қытай көптеген жылдар бойы әлемдегі басымдылық концепциясын ұстанды. Осы мемлекет өзін «Чжунго» - «Орталық патшалық» деп, өзін-өзі әлі күнге дейін солай атауда.

Қытай қоғамына ежелден қалыптасқан және өзгеріске ұшыраса да, бүгінгі уақытта

өзін-өзі ұстау, сөйлесу ережелері тән. Осы ережелер ғылыми, іскерлік немесе басқа да өзара әрекеттесу үшін үлкен тәжірибелік қызығушылыққа ие. Сондықтан да, қазіргі Қытайда сөйлесу нормасының түрін білген маңызды. Сол норма дәстүрден бастау алады.

Ежелден қытай этикетінің негізі “ли” рәсіміне негізделген. Осы “ли” рәсімі – барлығы ұстанатын қарым-қатынас ережелерінің жиынтығы. Ережелер негізінде сабырлық, басқаларға, әсіресе үлкендерге деген құрмет, абырой және мейірімділік бар.

Дәстүрлі қытай қоғамда, салт ерекше маңызға ие болды, «Қытай рәсімдері» тұжырымдамасын еске түсірсек, жеткілікті. Барлық рәсімдер мен салтанаттар, этикет және күнделікті тұрмыстық нормалар мен оның қалыптасуында Конфуциандық шешуші рөл атқарды. Бұл иероглиф Конфуций ілімінің негізгі санаттарының бірін білдіреді: «Рәсімге тиесілі емес нәрсені қарауға болмайды, рәсімге тиесілі емес нәрсені тыңдауға болмайды, рәсімге тиесілі емес нәрсе туралы сөйлеуге болмайды, яғни рәсімге тиесілі емес нәрсені, жасамау керек». Осылайша, нормаларды жүзеге асыру үшін барлығына қажетті болып саналады.

«Ли» категориясы перзенттік құрметтің көрінісі(сяо), яғни ол конфуциан идеологиясының негізгі категориялардың бірі. Осының барлығы бір мақсатқа – қоғамда нормаларға, үлкендерге деген құрметті тәрбиелеу және оның салдарынан әлеуметтік қашықтықты сақтау, мәртебесіне деген сый, өзінің не топтың не ұйым мен институттың абыройын сақтауға жетеледі. Кішілер үлкендермен тілдескен уақытта, нормаларға сай белгілі дәстүрлікті сақтауы тиіс. Крил Х.Г. айтуы бойынша, көне заманда, Чжоу кезеңі кезінде, бұл тек өзін-өзі ұстау нормасы болып саналған емес, сонымен қатар өркениетті адамдарға сай рақымшыл іс деп есептеді [1].

Соның өзінде, көнгіштік (жан) үлкендерге деген құрметпен тығыз байланысты және «ли» рәсімінің айнымас бөлігі ретінде болып келген. Сол уақытта, «ли» принципін сақтай алмау, ол өзінің қорлығымен және әлеуметтік апатқа әкелуі мүмкін әдепсіздікті білдірумен тең. Сыма Цяньнің жазбалары бойынша: «Егер де төрт қағида сақталынбаса, мемлекет құрдымға кетеді». Осындағы төрт қағидаға: «сы вэй» - «халық өміріндегі іргетасына»: «ли» - «этикет, рәсімдер», «и» - «парыз», «лянь» - «риясыздық пен ұқыптылық» және «чи» - «ұят» жатады.

Өзін-өзі ұстау, өзінің орнында білу ережелерін үнемі жете түсіну қытайлықтардың арасында қызықты ерекшелікті тудырды. Рәсім, ғұрыптық нормалар мен дәстүрлілікті сақтау қытай дүниетанымының маңызды жағымен «абыройды сақтап қалу» етене байланыста. Өз абыройынды сақтап қалу – әрбір қытайлық үшін өте маңызды, ал оны жоғалту – олар үшін алаңдатарлық мәселеге жатады. Осындай ережелерді білу және оларды сақтау – Қытайда маңызды фактор болып саналады.

Әдеттегідей, әрбір адам, ұлты мен әлеуметтік орнына қарамастан, өзінің қоғамдағы деген атақ-даңқы үшін күреседі, бірақ дәл Қытайда бұл ерекшеліктің қалыптасуы соншалықты, ұлттық саналарына кіріп, әлі күнге дейін байқалады.

Қытай этикеті мен рәсімдерінде тек қана сөйлеу мәнері ғана емес, сонымен қатар, ым, ишара да үлкен мағынаға ие болған. Ишара тек қарапайым қимыл ғана емес, ол өзіндік мағынасы бар әрекетті білдіреді.

Дәстүрлі Қытайдағы кейбір мінез-құлық ережелерін қарастырайық. Бұл арқылы қазіргі таңдағы этикеттің өзгеру сипатын көруге болады.

Нихонго но кэйсё - адам мен зат атауларына жалғанатын жұрнақ, әңгіме кезінде адамның мамандығы мен тегіне, есіміне қосыла айтылады. Әңгімелесушінің қаншалық туыс екендігін және әлеуметтік байланыс маңыздылығын көрсетуге дәлел. Бұл елде жұрнақсыз тілдесу дөрекілікке жатады. Тек мектеп оқушылары арасында, студенттер мен жақын достардың ортасында, сонымен бірге, үлкеннің балаға қарата айтқан сөзінде бұл жұрнақтар көрініс таппайды. **Нихонго но кэйсё жұрнағының бастылары:** -сан – әлеуметтік мәртебесі тең адамдар арасында, кіші мен үлкеннің әңгімесінде, ет-жақын туыс емес жандардың сұхбаттасуында жалғанады. Ұстамдылықты көрсетеді. Қысқа қайырғанда, біздің "Сіз" деген секілді. -кун – әріптестер мен достар арасында, үлкеннің кішіге қарата айтылған сөзіне

жалғанады. -тян – әлеуметтік мәртебесі мен жас мөлшері бірдей жандардың жақын ара қатынасында, және де балаларға қарата сөйлеуде қолданылады. -сама – сый-құрметтің соңғы шегінде, көбіне ресми хаттарда жалғанады. -сэмпай – кішінің үлкенге қарата сөйлеуінде қолданылады (ұстаз - оқушы, тәжірибелі маман жұмысшы - тәжірибесі жеткіліксіз маман); - кохай – сэмпай жұрнағына қарсы мәнде; -сэнсэй – ғалымға, дәрігерге, жазушыға, саясаткерге, жалпы алғанда, қоғамдағы сыйлы жандарға қарата қолданылады[2].

Жапондар кәсіпкерліктің маңыздылығын жетік білетін жандар. Жапондық серіктестердің сеніміне кіріп, құрметіне ие болу үшін халықаралық іскерлік әдебінің бірнеше басты қағидаларын біліп жүргеніңіз дұрыс. Жапондар ешқашан кешікпейді. Жапонды күттіріп қою, демек, сыйламағаныңыз. Кешігіп барғаннан гөрі, дұрысы, ерте барып алған жөн. Жапондық кәсіпкерден бірден бас тартуды естісеңіз – бұл, әрине, «нонсенс» болар еді. Есіңізде болсын, жапондар еш уақытта "Жоқ" деп айтпайды. Қойылған шарттар қолайларына жақпаса да, олар бастарын шұлғып, жалтармалы жауап беруге тырысады («Біз ойланамыз», "Бұл қиын", т.б.) Мұндайда мінез-құлық танытудың тума өнері - «тиммоку» (жапондық үндемеу өнері) қолданылады - адамды бас тартып ренжіткенше, дұрысы, үнсіз қалған ләзім. Егер келісім жапонның толық ойынан шығып жатса, сіз нығыз әрі қысқа ғана "иэ" деген жауапты естисіз.

Мәселен, кәрістерді алатын болсақ, олар балалардың өмірінің басталуын, оның бір жасқа толу жасын есептейді. Осы кезден бастап қана бала толыққанды адам болып есептеледі. Балалардың әрқайсысының бір жасқа толуын міндетті түрде атап өту керек, егер атап өтілмесе, онда ер жеткенде баланың үйлену тойын, мерей тойын жәнәт.б. тойларын атап өтуге болмайды. Сондықтан да ата-аналар балаларының бір жасын атап өтуге тырысады. Қазіргі кәрістер де олардың ата-бабалары сияқты некеге тұруға ерекше мән береді. Бұл адамның өміріндегі төрт басты оқиғаның бірі және салтанатты түрде өткізіліп, оған барлық руластарының назары аударылады. Неке алдында құда түсу рәсімі өтеді. Күйеу жігіт руластарының ішіндегі үлкендері - әкесі, үлкен ағасы, кейбір жағдайда ғана күйеу жігіттің анасы құда бола алады. Қалыңдықтың ата-анасының келісімін, екі жақ ченчи – некелестіру рәсімін өткізуге келіседі, некелесуді толығымен күйеу жігіт қаржыландырады, бірақ ол қалыңдықтың үйінде өтеді. Ченчи рәсіміне күйеу жігіт пен қалыңдықтың жақын туыстары мен достары шақырылады. Қалыңдықтың туыстарына ерлі-зайыптылар арасындағы адалдықтың белгісі ретінде – қаз, күріштің желімді сортынан жасалған ерекше нан – чалпы пәги, сонымен қатар ақ күріш шелпектер – тимпени ұсыну міндетті болып есептеледі. Кәрістер отбасындағы қарт адамдарды құрметтеп, балалары олардың мерей тойларын тойлайды. Соның ішінде ең маңыздысы балалардың ата-анасының 61 жасқа толу мерей тойын тойлауы болып табылады. Бұл мерей той егер отбасындағы балалардың барлығы ер жетіп, отбасын құрып, олардың тойлары жасалып, отбасында ешқандай қайғылы жағдай болмаса ғана тойланады. Егер ондай болмаса, мерей той кейінге қалдырылып 2, 4, 6 жылдан кейін тойланады[3].

Сонымен, 3 халық арасындағы ерекшеліктерді қарап алсақ, олардың көптеген жерлерде ұқсастығын байқауға болады. Ұқсас болуының себебі, тарихта бір-бірімен тығыз байланыста болып, мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың дамуында. Балаларды тәрбиесіне мән беру, үлкендерге деген құрмет, сыпайылық және ұстамды болу, осының барлығы біздің, яғни қазақ халқымызға жақын екендігін түсінуге болады.

Қолданылған әдебиет:

1. Васильев Л. С. Этика и ритуал в трактате «Ли Цзи» // Этика и ритуал в традиционном Китае. М., 1988. С. 173.
2. Алпатов В. Япония: язык и культура. М., 2008.
3. Кирьянов О. Наблюдая за корейцами. Страна утренней свежести. М., 2006.